

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПӘКСТАН ИСЛАМ РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ЕЛШІЛІГІНІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МИНИСТРЛЕР КАБИНЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ 14  
наурыз 1994 ж. N 263

"Қазақстан Республикасының Пәкстан Ислам Республикасындағы Елшілігін ашу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1994 жылғы 20 қаңтардағы N 1513 U941513\_ Жарлығын орындау үшін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Пәкстан Ислам Республикасындағы Елшілігінің штат саны жылдық жалақы қоры 196750 АҚШ доллары болатын 16,5 адам мөлшерінде бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Пәкстан Ислам Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісіне айына 1500 АҚШ доллары мөлшеріндегі шетел валютасында лауазымдық жалақы белгіленсін.

Елшілік қызметкерлерінің лауазымдық жалақысы Қазақстан Республикасының Пәкстандағы Елшісінің шет ел валютасындағы жалақысына қарай штат кестесіне сәйкес белгіленсін.

3. Пәкстан Ислам Республикасымен қарым-қатынастың ерекше маңыздылығы, жұмыстың күрделілігі мен көлемділігі ескеріліп, Қазақстан Республикасының Елшісіне лауазымдық жалақысына қоса оның шетел валютасындағы жалақысының 20 проценті мөлшерінде үстемеақы белгіленсін.

4. Елшіліктің қызметкерлеріне медициналық қызмет көрсету үшін олардың АҚШ долларындағы айлықақысы қорының 3,5 проценті мөлшерінде аударым жасау белгіленсін.

5. Елшіліктің 1994 жылға арналған шығыс сметасы 608,4 мың АҚШ доллары және 400,4 мың теңге сомасында бекітілсін.

6. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 1994 жылға арналған мемлекеттік бюджетте көзделген қаражат есебінен шетел валютасында және теңге есебімен қаржы бөлінуін қамтамасыз етсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК